

Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына 2002 жылғы 7 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының Жарғысына өзгерістер енгізу туралы екінші хаттамаға қол қою туралы ұсыныс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 6 қарашадағы № 717 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына 2002 жылғы 7 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының Жарғысына өзгерістер енгізу туралы екінші хаттамаға қол қою туралы ұсыныс енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Жоба

**2002 жылғы 7 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының
Жарғысына өзгерістер енгізу туралы
ЕКІНШІ ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымына мүше мемлекеттер

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының Жарғысына өзгерістер енгізу туралы 2010 жылғы 10 желтоқсандағы Хаттамамен енгізілген өзгерістері бар редакциядағы 2002 жылғы 7 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымы Жарғысының (бұдан әрі - Жарғы) 27-бабына сәйкес

төмендегілер туралы уағдаласты:

1. Жарғының 13-бабына мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Кеңестің құрамына мүше мемлекеттердің басшылары не егер оларға өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес Кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға өкілеттіктер берілген болса, мүше мемлекеттер үкіметтерінің басшылары кіреді.";

13-баптың үшінші абзацының қолданыстағы редакциясы:

"Кеңестің құрамына мүше мемлекеттердің басшылары кіреді. "

б) алтыншы абзацтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер Кеңес өзгеше шешім қабылдаса, онда аумағында Кеңестің кезекті сессиясы өтетін мемлекет атынан өкілдік ететін Кеңестің мүшесі Кеңестің Төрағасы (бұдан әрі - Төраға) болып табылады.";

13-баптың алтыншы абзацы бірінші сөйлемінің қолданыстағы редакциясы:

"Егер Кеңес өзгеше шешім қабылдамаса, онда аумағында Кеңестің кезекті сессиясы өтетін мемлекеттің басшысы Кеңестің Төрағасы (бұдан әрі - Төраға) болып табылады."

2. Осы Хаттама Жарғының 26-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

201__ жылғы "__" _____ қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа данасы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының Хатшылығында сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Армения Республикасы Үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Беларусь Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Қазақстан Республикасы Үшін

Тәжікстан Республикасы Үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК